

ÖSİM

Бизнес-жоспар үшін сіздің жеке деректеріңіз қажет — оларды бірден сайтта көрсете немесе кейін, жүктелген құжатқа енгізе аласыз. Біз бұл ақпаратты сақтамаймыз, қандай да бір жолмен пайдаланбаймыз. Сіздің деректеріңіз сайттың бетін жапқаннан кейін автоматты түрде жойылады.

ЖК мен заңды тұлғаларға

Банк Пайдаланушы енгізген ақпаратты жинақтауды, сақтауды, өзгертуді, толықтыруды, пайдалануды және таратуды жүзеге асырмайды. Сайттың беті жабылған кезде Пайдаланушының ақпараты автоматты түрде жойылады. Пайдаланушы енгізген деректер Пайдаланушы құрылғысында сақтай алатын құжатқа қалыптастырылады.

Осымен Пайдаланушы бизнес-жоспарды қалыптастыру үшін қажетті дербес деректерін жинауға және өңдеуге «Jusan Bank» АҚ-ға (бұдан әрі — Банк) келісім береді.

Пайдаланушы өзінің мындай дербес деректерінің: тегі, аты, әкесінің аты; жеке басын куәландыратын құжаттың деректерінің: құжаттың түрі, сериясы, құжаттың нөмірі, құжатты берген орган, құжаттың берілген күні, тұлғаның туған күні, ЖСН-ы; тұрғылықты жері бойынша тіркелгені туралы мәліметтерінің; тұрақты тұрғылықты жерінің мекенжайының; байланыс телефонының нөмірінің; қызметі туралы мәліметтерінің, сондай-ақ Банкке бизнес-жоспарды өңдеу үшін дербес деректерге қатысты басқа да мәліметтерінің қажеттілігін қабылдайды.

Бизнес-жоспарды қалыптастыру үшін Пайдаланушы өз қызметкерлерінің/ өкілдерінің/уәкілетті тұлғаларының жеке деректерін Банктің жинауына және өңдеуіне тиісті түрде ресімделген келісімдері бар екеніне кепілдік береді, қажет болған жағдайда, Пайдаланушы Банкке дербес деректер субъектілерінен жинаған осындай келісімдерінің болуын құжаттамалық растауды ұсынады.

Пайдаланушы бизнес-жоспарға енгізген деректерін өңдеумен қоса алғанда, олар Пайдаланушының техникалық құрылғысында сақталынатын құжатқа көшірелітіні және Банктің ақпараттық ресурсында жойылуға жататыны туралы ақпараттандырылғанын растап, келісімін білдіреді.